

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Патшаның күзі: «Лир патшадағы»
жерді еске алғанда...





Мақсаты: Джейн Элизабет Арчер, Ричард Маргграф Терли және Говард Томастың Шекспирдің «Лир патша» трагедиясын талдауда қолданған экокритикалық тәсілінің мүмкіндіктерін қарау.
Тірек сөздер: жер, патша, билік, бидай, үйбидайық, өндірістік қауіпсіздік.

Сіздермен американ ғалымдары Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» атты антологиясының мазмұнына шолудың соңына да келдік. Бүгін сіздерге Шекспирдің «Лир патша» трагедиясына Джейн Элизабет Арчер, Ричард Маргграф Терли мен Говард Томас жасаған талдауды ұсынып отырмыз. Джейн Элизабет Арчердің ғылыми қызығушылығы деп бағалайды антология құрастырушылары, Қайта өрлеу дәуіріндегі әдебиеттегі алхимия, ғылым және жалған ғылымды сипаттауға бағыттталған. Ричард Маргграф Терли романтизм туралы сөз етеді. Говард Томастың зерттеулері генетика, эколюция және тағамға жарамды өсімдіктерге арналған. Бұл үшеуінің «Тағам және әдеби қиялдау» (2014) атты кітабы – Чосерден бастап XIX ғасырға дейінгі әдебиеттегі тағамдық өсімдіктердің қоспасын зерттеуға арналған.

Авторлардың эссесінің бірінші бөлімінде Шекспирдің пьесасын мәтіндік редакциялау мен сахналандыру туралы мәселе қарастырады. Пьесада ауылшаруашылық подтекст жасырынған. Лирдің тәжінде арамшөптер болғаны пьесаның бірқатар түсініксіз немесе беймәлім жайттарын ашады. Одан кейін авторлар «Лир патшада» ғана емес, Шекспирдің басқа ла тарихи пьесалары және трагедияларында кездесетін ботаникалық, медициналық және саяси пікірталастарға сипаттама береді.

Жер және арамшөптер

Франциядан оралған соң, Корделия өзінің әкесіне былай дейді:

«Оны жаңа көріп қалды:
Ессіз, екпінді мұхит секілді,
Айқайлап ән айтады, ал басы
Қалақай, әріпдәрі, ошаған, аран
Секілді азықтандырушы-алаңқайда өсетін
арамшөптермен көмкерілген.
Әскер шығып, оның жоғары егіндік алқабындағы
Әрбір ақрды мұқият қарап шығып,
Өзін де жетелеп әкелсін...».

Шекспир және оның алғашқы көрермендерін Корделияның бұл сөздерінде арамшөптердің қасиеттері мен ерекшеліктері айрықша сипатталғаны таңғалдырды. Корделияның сөздеріне қарап, пьесада егіннің орылмауы – азықтың жетіспейтінін алдын ала болжанғанын көреміз.

XVI ғасырдың аяғы және XVII ғасырдың басында Еуропада азық-түлік жетіспеді. Оның себебін халықтар егіннің шықпауы немесе өндірістің бұзылуынан іздеді. «Лир патшада» автор жериеленушілердің жағдайын, табиғи ресурстарды басқару, монарх және оның жерінде тұратындардың арасындағы қарым-қатынас саясатына көңіл бөлінген. Экокритикалық тәсілді пайдалана отырып, жасалған тарихи талдау нәтижесінде эссенің авторы Шекспирдің өз заманындағы ауылшаруашылық жерлерде арамшөптер қаптап кеткенін, соның салдарынан егіннің бітік шыға алмайтынын айтқысы келгенін көрсетуге талпынады.

Ақылынан адасқан және бейшара халге түскен патша басына арамшөптерден жасалған тәж киіп алады. Алғашқы зерттеулерде ғалымдар пьесадағы әдеби және медициналық дискурстардың қиылысуын кең қарастыра отырып, ақынның өндірісті және азық-түліктерді өз заманының адамдары қалай қолданғанын суреттеген деген пікір айтады.

Соған қарамастан, ғалымдар Шекспирдің пьесаларындағы басты проблематика болып табылатын – экологиялық контексте назар аудармайды. Ал біз қарастырып отырған эсседе зерттеушілер Шекспирдің өсімдіктер туралы эстетикалық және фольклорлық ассоциацияларын түсіндіреді. Шекспирден басқа өндірістік тәртіпсіздіктің қоғамға әсері туралы азаматтық соғыс туралы «Кориолан» пьесасында да сөз етілген.



Бұрмалау: редакция және қойылуы

Пьесаны түсіндірудегі бұрмалауға мысалдар – 1962 жылы Питер Бруктың «Лир патшаның» түпнұсқасын сахналандыруын және 1970 жылғы Пол Сколфилдің экранизациялауын атауға болады. Олар монархтың тағын жалаңаш, мұңлы орынға орналастырып, постақырзамандық қысқы табиғатты суреттеген. Бруктың қойылымы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін «Лир патшаны» психологиялық драматизациялау үдерісінде айтарлықтай алға жылжу еді. Ол Лир патша дәуіріндегі параноидальды климат пен соғыстан кейінгі менталды ландшафтты жалаңаш етіп суреттейді. Мұндай нигилистік интерпретация сынға ұшырады. Джон Котт өзінің «Шекспир – біздің замандас» (1964) атты баяндамасында пьесаны шекспирлік «эндшпиль», сандырақ драма деп атайды. Бруктың (одан ары Брехт, Беккет және Коттың) ықпалы әлі күнге дейін сезіледі. Шынында, қазіргі заман көрермендері Бруктың суреттеуінің ықпалында қалып келеді. Кейінгі қойылымдар, оның ішінде Адриан Нобленің 1982 және 1993 жылғы «Патшалық Шекспирлік компания» атты қойылымдары, сондай-ақ, Тревор Наннаның 2007 жылғы жаңаша типтегі қойылымы жалғызбасты патшаның психологиялық күйзелісін, оның өмір сүрген өлі және жансыз ортасын суреттейді.

Лир өз патшалығын бөліп бере бастайды. Оның қызметшілері өздеріне бөлінген жерлермен не істеуді білмейді. Паскаль Друэ «Лирдің әлемі» – аштық әлемі деп бағалайды. Аштықтың салдарынан белең алған ақылсыздық пен үмітсіздіктің кесірінен халық тағамдық азықты емес, шөп және қалдықтармен күнелтуге мәжбүр болды. Тіпті патшаның өзі туған қыздарына жалынып, киер киім, жатын орын, жейтін тамақ сұрайды. Өтініші қанағаттанбаған патша амалсыз қалдықты жеп, күнелтуі керек болды. Көрермендер болса, Лирдің бұл әрекетін есінен адасуы деп көрді: 1620 жылы жарияланған «Лир патша туралы балладада» Лир аспазшылар жарамсыз деп тастаған қалдықты жеп, кедейлер секілді тамақтанғанына мәз болады.

Гонерилья мен Ригананың әкесінің қызметшілерін қысқартуы – аштықтан құтылу мақсатын көздеген. Олардың әрекетін көрермендер дұрыс шешім деп түсінуі ықтимал. 1593 жылы жарияланған насихатта: «Халыққа төнген қиындықта, мәселен аштыққа «патшалар мен ханзадалар» жауапты, бәрібір олар халыққа келтірілген зиян үшін мойнына жауапкершілік алуы тиіс, олар халқына салық пен субсидиялар тағайындап, халықты әдейі қанап отыр...» делінген. Арамшөптерден тоқылған тәж киген патшаның бейнесі – апаттың симптомы, өндірісте дағдарыс орын алғанын білдіреді.

Үйбидайық және бидай

Бұл бейненің ерекшелігі мен мағынасын бағалау үшін Қайта өрлеу дәуірінің көрермендеріне арамшөптердің қаншалықты мәні болғанын анықтау керексіз. Пьесадағы өсімдіктердің ішінде үйбидайықтың пайда болуы – классикалық, виргилийлік, шартты сипатта. «Георгиктердің» бірінші кітабында үйбидайық пен басқа да арамшөптер – Алтын дәуірдің аяқталғанын білдірген: бұдан былай адамдар жерді жыртып, өңдеп, арамшөптерден тазалап, аштықтан құтылуы тиіс.

Лирдің тәжіне үйбидайықты қосу – христиандық белгі. Үйбидайық – Иса туралы аңызда бітік өскен бидай ішінен табылған арамшөп. Бидай мен үйбидайық туралы аңыз шынайы доктрина мен күпірліктің арасын ажыратуда қиындықтың алдын алу үшін пайдаланылған. Лемнийдің ойынша, бұл аңыз христиандарға саналы және әділетті билеу қажеттілігін ескертеді: «Әділ жазалаушы – ол (Иса), әлемнің, шіркеу мен мемлекеттің тыныштығын күпірлікпен бүлдірген дінбұзарларға қарсы әділқазы». Шіркеу мен мемлекеттің басшысы – патша үшін басына үйбидайықтан (бидайдан емес) тоқылған тәжді кию – шайтанның уәсуасына түсіп қалғанын білдірді. Басқаша айтқанда, тәжге үйбидайықты қосу – Лирдің жай-күйін бейнелеуде белгілі бір деңгейде мән үстеген.

Үйбидайық біртіндеп азыққа, әсіресе нан немесе сыраның құрамына қосылды. Соның салдарынан оны тұтынған адам ақылынан адаса бастаған. Джерард, мәселен, үйбидайықты тағамға қосса, адамды масайтады немесе көзі көрмей қалады, көзге кері әсер етеді десе, Томас Купер үйбидайықты латынша лоллум деп атап, ыстық нанның ішіне қосылса, адамның басын айналдыратынын айтады. Ал Ду Бартас оны «масайтатын өсімдік» деп көрсетеді. Т.Дж. Кингтің



ойынша, Корделияның үйбидайықты атап көрсетуі – ессіздік пен патшаның соқырлығын түсіндіріп тұр.

Үйбидайық пен басқа да арамшөптердің зиянды әсерін Корделия мен Доктор пьесаның 18-үзіндісінде мойындап, оларды нашақорлық шөптер деп атайды. Лир тек физикалық, ойлау және сенсорлық ессіздікке апаратын өсімдіктерді бостан-бос таңдап алып отырған жоқ. Лирдің өсімдікті таңдауында терең мән-мағына жатыр. Өзінің денсаулығына зиян нәрсені жей отырып, жүрегін айнытса да, өз құсығын өзі амалсыз жұтқан айуан көзге елестейді. Арамшөптерден тоқылған тәжде басқа да өсімдіктер болған: аран теріні, бауыр мен ұйқы безін тазартуға арналған іш айдағыш дәрі; убалдырған мен үйбидайық іш өткізетін және масайтатын дәрі ретінде қолданылады.

«Лир патша» пьесы арнайы жазылған аудитория бұл пьесаның бұзу, сатқындық жасау секілді ишараты бар екенін түсінген. Үйбидайық – улы дәрі, бірақ бидаймен араласып өспесе, оның зияны жоқ. Әрине, қазіргі заман ботаниктері мен генетиктері бүгінде үйбидайықтың әсерін түсіндірер еді-ау, алайда Қайта өрлеу дәуірінде тек сыртқы бақылаудың нәтижесіне ғана сүйеніп, өзіндік терминологияны ғана қолдануға ақылы жеткен. Джерард дала өсімдіктерінің үш типін көрсетеді: «дөкір», «туыс», «бастард». Дөкір деп ол бір-бірімен шатастырылып алынатын кейбір өсімдіктерді атайды; туыс – бір-бірімен тығыз байланысты өсімдіктер болса, бастард – басқа өсімдіктерге еліктеп, солар секілді өсетін өсімдіктер. «Лир патшада» бидай да, дөкір-бидай үйбидайық та бар. Эдгар бар да, дөкір-Эдгар бар: Эдмондты «некесіз туылған бастард» деп атайды. «Лир патшадағы» қарапайым ғана арамшөптер Шекспир заманындағы жеке тұлғалық және саяси мәселелерді сипаттап отыр: бастард Эдмонд Лирдің заңды ұлы Эдгардың орнын тартып алғысы келеді; өзінің күзі жеткен патша мойнына жүктелген міндеттерден бас тартса, оның салдары халық пен жерге де тиері сөзсіз.

Еліктеу, өлім қаупі және аштық Шекспирдің 1590 жылдардағы, 1600 жылдардың басындағы тарихи пьесаларында («Гамлет», «Макбет») сипатталған. Мұнда автор Тьюдорлар мен Стюарттар династиясы тұсындағы халықтың басына төнген қиындықтарды суреттейді.

«Генрих VI» (1592), «Генрих V» (1598–1599) пьесаларынан кейін жазылған «Лир патша» (1605–1606) үйбидайықтың аллюзиясына сілтеме жасады. Алғашқы екі пьеса үйбидайық символикасын қолданып, жақсы билеуші мен жақсы қожайын арасындағы өзара байланысты көрсетілген.

АШТЫҚ

«Генрих VI» пьесасында кінә тағылған Жанна д'Аркты үйбидайықтың зиянды қасиеттерімен ассоциацияланған. Мұнда үйбидайықтың дәмі – зақымдану метафорасын білдіріп тұр. Француздар қалаға бидай сатушы ретінде жасырынып кіріп, гарнизонды жеңеді: үйбидайықты бидай деп сатады. Ұнға түскен соң, үйбидайық өзінің масайту әрекетіне көшеді. Руанның басып алынуы – Шекспирдің тарихи деректерден алшақтап, бұрмалап көрсетуінің бір мысалы.

Генрих IV-тің әскерінің қыспағына түскен париждіктер 1590 жылдың мамыр-тамыз айлары арасында бұршақ, арамшөптер, арпа, емен жаңғағы мен жоңқа, тіпті өлген адамдардың сүйегінің күлін қосып, жасалған нанды пайдалануға мәжбүр болды. Осы онжылдықтардағы егін нашар бітті, халықтар аштықтан аман қалу үшін сырттан азық алдырды. Ал сырттан келген азық әдетте, сапасыз (арамшөптер араласқан), әрі қымбат болатын. Р.Б. Оутвейт азық-түліктің жетіспеуінің екі себебін атап көрсетеді: тамақтың жоқтығы және қымбаттығы. Елизавета азық-түліктің бағасын, сапасы мен әділ бөлінуіне, сырттан импорттың келуіне қарсы манифест құрды. Фрэнсис Тригге билік басына келген Яковқа былай дейді: елдегі адамдар санының аздығы әскерінің аздығын көрсетеді, бұл сырттан басқыншылардың баса көктеп кіруіне негіз болады. Ашыққа соғыс пен егіннің шықпауы әсер етті ме, жоқ па қарамастан, қалаларда өндірістік қор болмады, қала тұрғындары диірменшілер мен жеткізушілердің қыспағында болды. «Генрих VI» пьесасында әбден бүлінген бидайдың кесірінен әбден қажыған Руан қаласы 1590 жылдары әлсіреп, аштыққа шалдыққан Англияға ұқсап, суреттеледі. Лир дәуіріндегі Британия өзін-өзі қамтамасыз етуге немесе бейбіт билік жүргізуге қабілетсіз болып, шетелдік әскери күштердің елде тәртіп орнатуына мәжбүр болды.



Ұлттық қауіпсіздікке деген талпыныс Шекспирдің «Генрих V» пьесасындағы Бургундтық герцогтың сөзінен көрінеді. Шұрайлы Франция соғыстың зардабын шегіп, әбден қажып, бидай егіндігін арамшөптер басып кеткен-ді. «Генрих V» пен «Лир патшада» арамшөптер мемлекеттің ғана емес, сарғайып кеткен жапырақтар мен қараусыз қалған жерлердің метафорасы ретінде ассоциацияланады. Жерді жыртып, халықты тамақтандыратын ғылым әлдеқашан ұмыт болған. Бургундтық герцок үйбидайық, убалдырған, аран, түйетікен, тікенек секілді шөптерді атап көрсеткен. Шекспир өзінің сөздерін өзі қайталап тұрған жоқ, екі пьесаның арасындағы Англиядағы жыртылған жерлердің қаншалықты деңгейде қысқарғанын еске түсіріп отыр. Джон Гонттың Англиясы – «жалға берілген немесе тастап кеткен ферма» секілді Францияны еске түсіреді. Екі ел де Лирдің Британиясы ретінде суреттелген. Лирдің Британиясы – кедей, халқы тастап кеткен ауылдар, қой жайылымдары мен диірмендер, Глостер мен Эдгарды Дуврға бара жатқан жолда күтіп алған «қариялар» секілді арендаторлар. Басқаша айтқанда, бұл әлем Шекспирге және оның замандастарына етене таныс.

Шекспирдің өсімдіктер әлемін жақсы білуі оның барлық пьесаларында көрініс беріп отырады. Қарапайым үйбидайық секілді масайтатын үйбидайық та бидай егіндігінде өседі. Оның атауы ағылшын-саксон тіліндегі «қылқындыру», «тұншықтыру» сөзінен алынған. Өйткені үйбидайық бидайдың өмірін тұншықтырады. Инжілдік жазбаларда қарапайым үйбидайық пен масайтатын үйбидайық көтерілістер, азаматтық қақтығыстар мен саяси жіктелістердің символы болып саналады. Шекспирдің «Кориолан» пьесасында Кориолан үйбидайық туралы былай дейді: «Өз қолымызбен сепкен ереуіл, дәрекілік, арандатушылық үйбидайығы». Лирдің жерге деген немқұрайлығын оның қыздарының бейнесінен көреміз: қыздары пайдасыз арамшөптер секілді, өмірі тұншыққан бидай секілді сатқындыққа барған субъектілер: Гонерилья, Регана және Эдмонд билікке қол жеткізсе, Корделия мен Шут дарға асылып, өмірі тұншықты.

Жер

Корделия мен басқа да билеуші-әйелдердің билігін сипаттайтын елтаңбада бидай суреттелген. Бұл елтаңбада егіндікте жайқалып өсіп тұрған бидайдың масағы бейнеленген. Әйел жынысты әділ басшы ретінде Корделия Елизаветаға ұқсайды. Корделия мен Елизавета секілді әйел-билеушілердің құқығы мистикалық мағынасында Церерамен (гректерде ауыл-шаруашылығы мен құнарлылық тәңірі) теңестірілген.

Елизаветаның өлімін әділдік тәңірі Астрея-бикешке теңестіріліп, Алтын дәуірдің аяқталғанын білдірді. Елде арамшөптер секілді сатқындар көбейді. Пьесаның 18-үзіндісінде сипатталған күз – шешуші кезең болатын, себебі ботаника-саяси бірлікте, күз Елизаветаның биліктен кетуі мен Джеймс I-дің (үйбидайық спекілді) билік басына келуін білдірді. Джеймске ғана емес, пьесаның көрермендеріне ортақ сұрақ қойылды: патшаның билігі әділ, жауапты және тұрақты бола ала ма екен?

«Лир патшаның» 1-үзіндісінде әкесі үш қызынан өзіне деген махаббатының қаншалықты екенін сұрайды. Жеңімпазға ең жоғары сыйлық тағайындалған. Жерді бөлу контексінде «жомарттық» – табиғи ресурстарды пайдалану деген мағынаны берген. Лирдің бағалауынша, Шотландия еншісіне тиген Гонерилья, Уэльсті еншілікке алған Регананың иеліктері – бір-біріне ұқсады. Ормандар мен жайылым жерлерде бидай өспейтіні белгілі. Корделияға әкесі егіндікке ыңғайлы жерді, Англияның оңтүстігін бөліп береді. Гонерилья мен Регана – жыландар мен қасқырға теңестірілуі, соған сәйкес егіндікке қолайсыз жерлерді бөліп берілуі де – әділ.

Азықтық тәртіпсіздік пен ботаника-саяси дискурс – «Лир патшаны» интерпретациялауға жаңаша жол ашты. Корделияның намысы үшін жүргізілген күрес – бидай үшін, азық пен қауіпсіздік үшін күрес еді. Гонерилья мен Регана жерге таласып, Эдмондты пайдаланады. Ал Эдмонд – еліктегіш, некесіз туылған және сатқындыққа жаны құмар жан екені белгілі. Эдмонд – үйбидайық пен арамшөптің символы.

Интерпретациялаудың тарихи тәсілдерінің бірі ретінде экокритикалық әдісті пайдалану – «Лир патшада» ғана емес, Шекспирдің басқа да трагедиялары мен пьесаларында өндірістік қамту саясатының маңызды екенін дәлелдей түсті. Өсімдіктердің қасиеттері мен әрекеттері, дерттері – Шекспирдің 1590 және 1600 жылдарда жазылған пьесаларындағы метафоралар-



дың күрделі жүйесін көрсетеді. Бұл метафораларды тек пьесаларда ғана емес, шаруашылықты басқару, прозалық фантастика, геральдиялық кітаптар, діни трактаттар мен жаратылыстану философиясының туындыларында, сонымен қатар, Тьюдо мен Стюарттың үйлерінде де көруге болады. 1590 және 1600 жылдардағы патша билігіндегі сабақтастық өндірістік дағдарыс пен тәртіпсіздік кезеңдерінде өрбіген. Шекспирдің тарихи пьесалары мен трагедияларында өндірістік қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікті білдірді.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Шекспирдің пьесасының қандай аспектілерін экокритикалық тәсіл сипаттай алды?

Әдебиеттер

1. Kott Jan. Shakespeare Our Contemporary. – London: Methuen, 1964.
2. Ogden James Lear's Blasted Heath// Lear from Study to Stage: Essays in Criticism. – Madison, NJ: Fairleigh Dickinson UP, 1997.
3. Hedden Peter. The Genes of the Green Revolution. – Trends in Genetics. – 2003. – 19.
4. Drouet Pascale. I speak this in hunger for bread: Representing and Staging Hunger in Shakespeare's King Lear and Coriolanus// Hunger on the Stage. – Cambridge: Cambridge Scholars Publishing, 2008.
5. The Ballad of King Lear is printed in Wells's edition of King Lear, 277–85; esp. ll. 120, 127.
6. Three Christian Sermons made by Lodouike Lauatere, Minister of Zuricke in Heluetia, of Famine and Dearth of Victuals: And translated into English, as being verie fit for this time of our Dearth. – London, 1596.
7. Lemnius Levinus. An Herbal for the Bible. – London, 1587.
8. Butler F. G. Lear's Crown of Weeds. – English Studies. – 1989. – 70.
9. The Tragedy of Coriolanus, 3.1.69–72. As Hibbard notes, the source of this passage appears to be Thomas North's translation of Plutarch, The Lives of the Noble Grecians and Romanes. – London, 1579// G. R. Hibbard, ed., Coriolanus. – New York: Penguin Books, 1967.